

Келісілді
«Ұлттық зияткерлік
меншік институты» РМК
директоры

Бекітемін
«Назарбаев Университеті» ДББҰ
Инновациялар жөніндегі
вице-президенті

_____ **Е.С. Куантыров**
«03» наурыз 2020 жыл

_____ **Е.Ш. Құсаин**
«03» наурыз 2020 жыл

«Nazarbayev Fund Schools Challenge – 2020»
оқушылар байқауын өткізу
ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Nazarbayev Fund School Challenge – 2020» байқауын (бұдан әрі – *Байқау*) өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – *Әділет министрлігі*), Назарбаев Университеті, «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК (бұдан әрі – *ҰЗМИ» РМК*) және Крэнфилд университеті (Ұлыбритания) (бұдан әрі бірлесіп *«Ұйымдастырушылар» деп аталады*) болып табылады.

1.3. Байқаудың демеушілері «Samruk - Kazyna Trust» корпоративтік қоры және «Air Astana» әуекомпаниясы, сондай-ақ өзге де ұйымдар.

2-тарау. Мақсаты

2.1. Байқау жыл сайын қазақстандық оқушылардың зияткерлік әлеуетін ынталандыру және қолдау, олардың зияткерлік қызмет өнімдерін жасауға деген қызығушылығын арттыру және қалың жұртшылықты жастардың шығармашылық және ғылыми жетістіктерімен таныстыру мақсатында өткізіледі.

3-тарау. Тақырып

3.1. Техникалық және инженерлік мамандықтар: көлік және логистика (әуе, т/ж, теңіз, автокөлік), мұнай және газ, машина жасау, сәулет және құрылыс, шикізатты өндіру және қайта өңдеу, биотехнология, химия өнеркәсібі, IT, биотехнологиялар, робототехника және басқалар;

3.2. Байқау тақырыбы ұлттық экономика мен әлемдік трендтердің даму басымдықтарына байланысты жыл сайынғы негізде айқындалады;

3.3. 2020 жылғы байқау аэроғарыш тақырыбына арналады.

4-тарау. Байқауды өткізу кезеңдері

4.1. I кезең – Хабарландыру:

4.1.1. 2020 жылдың 10 наурызынан кешіктірмей Ұйымдастырушылар байқауды онлайн-алаңдарда, интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілерде хабарландыруды жүзеге асырады;

4.1.2. Облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері жергілікті жерлердегі өңірлік мектептерге шақыру-хаттарды таратуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Байқауды өздерінің онлайн-алаңдарында, интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерде хабарлауды қамтамасыз етеді.;

4.2. II кезең – Өңірлік іріктеу:

4.2.1. Облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері жергілікті жерлердегі әр өңірден 3 топтан кем емес өңірлік іріктеуге міндетті түрде қатысуды қамтамасыз етеді;

4.2.2. Мектептер бір басшыдан және төрт қатысушыдан тұратын топты Ереженің 6 тарауына сәйкес қалыптастырады;

4.2.3. 2020 жылдың 10 наурызы мен 5 мамыры аралығында командалар өңірлік іріктеуге қатысу үшін 1-Қосымшаға сәйкес <http://sharagat.kazpatent.kz/ru/nfsc> сілтемесі бойынша тіркелу арқылы өтінім береді;

4.2.4. Онлайн-платформада тіркелу барысында қатысушылар берілген тақырыптарға Байқау жұмыстарын (YouTube каналындағы видео презентация, реферат) бекітеді;

4.2.5. Байқауды ұйымдастырушылар («ҰЗМИ» РМК) Ереженің 6 және 7 тарауларында көрсетілген талаптарына сәйкес, командаларды алдын ала іріктеуді жүргізу үшін облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне конкурстың онлайн алаңына кіруге мүмкіндік береді;

4.2.6. Байқау жұмыстарын өңірлік іріктеу талаптарына сәйкестігін тексергеннен кейін облыстардың, астананың және Республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері тиісті шешім қабылдайды;

4.2.7. Байқаудың Ұйымдастырушыларымен құрылған іріктеу комиссиясы, алдын ала іріктеуден өткен командалар қатарынан өңірлік турдың жеңімпаздарын анықтайды.

4.3. III кезең – Өңірлік іріктеу қорытындысын шығару:

4.3.1. 2020 жылдың 12 мен 22 мамыры аралығындағы іріктеу

қорытындысы бойынша, әр облыстан бір топ анықталады, барлығы 17 топ;

4.3.2. 2020 жылдың 25 мамырынан кешіктірмей Ұйымдастырушылар Байқаудың онлайн-платформасында өңірлік іріктеу турының нәтижелерін орналастырады;

4.3.3. 2020 жылдың 5 маусымынан кешіктірмей Ұйымдастырушылар қорытынды іріктеу турын өткізу үшін комиссия құрады.

4.4. IV кезең – Ақтық іріктеу және қорытынды шығару:

4.4.1. 2020 жылдың 25 мамырынан кешіктірмей Крэнфилд университетінің өкілдері Ұйымдастырушыларға («ҰЗМИ» РМК) ақтық іріктеу турына тапсырма береді;

4.4.2. 2020 жылдың 27 мамырынан кешіктірмей Ұйымдастырушылар («ҰЗМИ» РМК) барлық құрылған топтарға Нұр-Сұлтан қаласындағы ақтық іріктеу турына қатысу үшін үй тапсырмасын жолдайды;

4.4.3. 2020 жылдың 8 мен 10 шілдесі аралығында әр облыстан 17 топ жеңімпаздары Нұр-Сұлтан қаласында өтетін «Nazarbayev Fund School Challenge – 2020» байқауының ақтық іріктеу турына қатысады;

4.4.4. Ақтық іріктеу бойынша комиссия, ақтық турдың соңғы күнінде Крэнфилд университетіне (Ұлыбритания) оқу-танымдық сапар үшін 17 топ арасынан 2 жеңімпаз топты және 15 топ ішінен 2 белсенді қатысушыны анықтайды. Барлығы 40 жеңімпаз, егер Комиссия шешімімен өзгеше көзделмесе;

4.4.5. 2020 жылдың 13 шілдесінен кешіктірмей Ұйымдастырушылар («ҰЗМИ» РМК) Байқаудың онлайн-платформасында ақтық іріктеу турының нәтижелерін орналастырады.

4.5. V кезең – Визалық қолдау:

4.5.1. Ұйымдастырушылар («ҰЗМИ» РМК) сапар қатысушыларына визалық сауалнаманы толтыру және Ұлыбританияға виза алуға жіберу үшін құжаттар жинау бойынша кеңес береді, сондай-ақ оларды Нұр-Сұлтан қаласы бойынша визалық орталыққа алып барады;

4.5.2. 2020 жылдың 20 шілдесінен кешіктірмей Ұйымдастырушылар («ҰЗМИ» РМК) сапар қатысушыларымен бірге барлық қажетті құжаттарды визалық орталықтарға беруі тиіс.

4.6. VI кезең – Оқу-танымдық сапар:

4.6.1. 2020 жылдың 17 мен 24 тамызы аралығында Ұйымдастырушылар («ҰЗМИ» РМК) финалистердің Крэнфилд университетіне (Ұлыбритания) оқу-танымдық сапарын ұйымдастыруын жүзеге асырады.

4.6.2. 2020 жылдың 30 қазаннан кешіктірмей Ұйымдастырушылар

аймақтық және ақтық турлардың барлық қатысушыларының кері байланыс сауалнамасын электронды форматта толтыру арқылы байқауды ұйымдастыру және өткізу процесінің сапасын бағалауды жүргізуді қамтамасыз етеді;

2020 жылдың 30 қазанынан кешіктірмей облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері Крэнфилд Университетіндегі (Ұлыбритания) оқу-танымдық іс-сапардың және байқауға қатысудың қорытындысы бойынша өңірлерде (оқу мекемелерінде) финалистермен презентациялық көрсетілім ұйымдастырады.

4.6.3. 2020 жылдың 5 қарашасынан кешіктірмей өткізілген презентациялар туралы ақпараттар «ҰЗМИ» РМК өкілдеріне жолданады.

5-тарау. Іріктеу комиссиясы және тапсырмалар

5.1. Өңірлік іріктеу жөніндегі комиссия облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерінің, «Air Astana» және Крэнфилд Университеті өкілдерінен құралады. (келісім бойынша);

5.2. Ақтық іріктеу жөніндегі комиссиясы Тұңғыш Президент-Елбасы Қоры, Назарбаев Университеті, «Samruk-Kazyna Trust» КҚ, «Air Astana» және Крэнфилд Университетінің өкілдерінен құрылады (әр ұйымнан бір адамнан);

5.3. Крэнфилд Университетінің өкілі іріктеу комиссиясының төрағасы болып табылады;

5.4. Байқау комиссиясы жыл сайынғы негізде аймақтық іріктеу және ақтық турлардың байқау тапсырмаларын әзірлейді және бекітеді;

5.5. Аймақтық іріктеу турлары онлайн режимінде өткізіледі;

5.6. 2020 жылғы өңірлік іріктеу турына тапсырма:

«1. Ұшу кезіндегі ұшаққа әсер ететін күштерді сипаттаңыз.

2. Отырғызу кезінде осы күштер қалай өзгертінін сипаттаңыз.»

6-тарау. Топтар мен қатысушыларға қойылатын талаптар

6.1. Байқауға қатысуға 16 жастан 18 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының (орта/жалпы білім беретін) мектептерінің ағылшын тілін еркін меңгерген, физика-математика және жаратылыстану ғылымдары саласында жетістіктері және өзіндік жобалық қызмет тәжірибесі бар білім алушылары жіберіледі;

6.2. Көрсетілген пәндер бойынша жақсы үлгерім және авиа үлгілеу бойынша үйірмелерге қатысу құпталады;

6.3. Бір мектептен бірнеше топ қатыса алады. Әр топтың құрамына төрт қатысушысы (оқушы) және бір жетекшісі кіреді;

6.4. Өткен жылдардағы «Nazarbayev Fund School Challenge» байқауларында жүлделі орындарға ие болған топтар мен қатысушылар - байқауға қатысуға жіберілмейді;

6.5. Топ жетекшісі байқау ережесі шегінде өз тобының барлық мүшелеріне

жауапты (ұйымдастырушылар алдындағы өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік) және барлық топтың байқаудың барлық кезеңдерінде және оқыту іс-шараларына қатысуына кепілдік береді;

6.6. Байқау кезінде топ жетекшісіне жеткізілген кез келген ақпараттық хабарламалар топтың барлығына жеткізілді деп есептеледі;

6.7 Облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері көлік шығыстарын, Астана қаласында тұруға арналған шығыстарды, сондай-ақ өздерінің мектеп топтарының визалық жиындарына арналған шығыстарды көтереді.

7-тарау. Бейне-презентацияларды ұсыну бойынша талаптар

7.1. Қатысушы-топтар байқау комиссиясының қарауына берілген тақырыптағы өздерінің байқау жұмыстарын ұсынады (бейне презентация, реферат (жұмыстың сипаттамасы));

- Бейне презентация ұзақтығы 5 минутқа дейінгі қысқа презентациялық бейнеролик болып табылады, оның барысында жетекшіні қоспағанда, топтың әрбір мүшесі өнер көрсетуі тиіс. Бейне презентация еркін түрде көлденең ажыратымдылықта, кез келген қол жетімді құрылғыда жазылады. Монтаждауға рұқсат етіледі.

- Бейне презентациялар тілі - ағылшын;
- Бейне презентацияның өлшемі - 300 Мб артық емес, mp4, avi, webm форматтары;
- Реферат – бейне презентацияның қысқаша сипаттамасы;
- Реферат тілі – ағылшынша;
- Жалпы көлемі - А4 форматында, 10 бетке дейін;
- Презентация файлының форматы - pdf, docx, doc, odt, ppt, pptx, өлшемі- 20 Мб артық емес;

Реферат ағылшын тілінде Microsoft Word форматында электронды түрде ұсынылады, шрифт Times New Roman, өлшемі - 14, абзацтық шегініс - 1,25 см, жоларалық интервал - 1, ені бойынша туралау. Құжаттың жиектері: сол жақ - 3 см, оң жақ - 1,5 см, жоғарғы және төменгі - 2 см. Мәтін тасымалсыз болып табылады. Беттердің нөмірленуі - беттің төменгі жағында, ортасында. Тақырыпты рәсімдеу - барлық жолдар қалың қаріппен. Бірінші жолда (оң жақ шеті бойынша теңестіру) топтың атауы көрсетіледі. Екінші жолда: оқу орнының атауы. Үшінші жолда: байқау жұмысының тақырыбы.

Бар болған жағдайда келесідей қосымша құжаттар қоса беріледі: сызбалар, сызбанұсқалар, фотосуреттер, графиктер, ұсыным хаттар және т. б.

7.2. Егер байқау жұмысы мәлімделген талаптарға сәйкес келсе, тапсырма орындалды деп есептеледі;

7.3. Байқау бойынша орындалған тапсырманы жіберген кезде қатысушы топ осы Ережеде жазылған барлық шарттарды қабылдайды .

8-тарау. Байқау жұмыстарын бағалау тәртібі

8.1. Байқау нәтижелерін бағалау 0-ден 10 баллға дейінгі шкала бойынша келесі тәртіппен жүргізіледі:

- Жауаптың дұрыстығы;
- Креативтілік (сөз сөйлеудің нақтылығы мен айқындығы);
- Негізділік және дәйектілік (мысалдарды келтіру);
- Презентация сапасы (талаптарға сәйкестігі);
- Ағылшын тілін қолдану (сауаттылық, ағылшын тілінің деңгейі);

Бағалау критерийлерінің топтарда бірдей балл саны кезінде ескерілетін өз басымдылығы бар.

8.2. Комиссия мүшелері топтардың байқау жұмыстарын қарайды және әрбір топқа онлайн - платформасында бағалау парағын толтырады (№3 қосымша).

9-тарау. Жеңімпаздарды марапаттау

9.1. Байқаудың финалистері оқу-танымдық бағдарлама шеңберінде шетелдік серіктес-университетке (Ұлыбританиядағы Крэнфилд университетіне) барып, кәсіптік бағдар бағдарламасымен танысуды және бастауыш білім алуды растайтын сертификаттар алады;

9.2. Жеңімпаздар ҚР Әділет министрінің және Тұңғыш Президент – Елбасы Қорының атынан Нұр-Сұлтан қаласында салтанатты түрде грамоталармен марапатталады.

«Nazarbayev Fund School Challenge – 2020» Байқауға қатысатын топ мүшелерінің тіркеу үлгісі			
Топтың атауы (облыс, қала)			
Оқу орны (атауы, номері)			
Топ қатысушыларының деректері:			
Т.А.Ж.	Туған күні	ИИН	Байланыс тел (ватсап)
1.			
2.			
3.			
4.			
Топ басшысының деректері:			
Т.А.Ж.	Туған күні	ИИН	Байланыс тел (ватсап)
5.			
Ағылшын тілін меңгерген деңгейі:	<input type="checkbox"/> Second language (please rate yourself) <input type="checkbox"/> Proficient <input type="checkbox"/> Advanced <input type="checkbox"/> Upper-Intermediate <input type="checkbox"/> Intermediate <input type="checkbox"/> Pre-Intermediate <input type="checkbox"/> Elementary <input type="checkbox"/> Beginner		
Байланыс ақпараты:	тел.(моб) топ жетекшісі немесе капитаны: E-mail (міндетті түрде):		

Келісім

Біз, жоғарыда аталған топ, осымен «Nazarbayev Fund School Challenge - 2020» байқауына қатысуымызды растаймыз. Байқау өткізу Ережесіне сәйкес қатысу шарттарымен таныстық және ұсынылған деректердің дұрыстығына толық жауап береміз. Тіркеу кезінде көрсетілген деректерді өңдеуге келісім береміз, фотобейне түсірілімге рұқсат береміз және байқауды өткізу мақсатында Ұйымдастырушылардың материалдарды пайдалануына қарсы емеспіз.

Растау * (сіз жоғарыда айтылған шарттарды қабылдауға тиіссіз)

Біз шартты қабылдаймыз	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ
------------------------	--

*- міндетті түрде толтыру

Іріктеу комиссиясының мүшелері үшін тіркеу нысаны				
Аты жөні:				
Азаматтығы:				
Мекеменің атауы, жұмыс орны, (компания, университет және т. б.):				
Байланыс ақпараты:	тел. (жұмыс):		тел. (ұялы):	
	E-mail:		Ресми- сайт:	

* Төменде қол қоя отырып, менің дербес деректерімді өңдеуге келісім беремін.

Қолы _____

Күні _____

**«Nazarbayev Fund Schools Challenge-2019»
Байқауының ақтық іріктеу турының нәтижелерін бағалау**

Команданың аты _____

Өңір _____

Бағалау критерийлері	0 ден 10 ға дейін бағалау
Жауаптың дұрыстығы	
Креативтілігі (сенімділік және қойылым жарқындылығы)	
Негізділігі және дәйектілігі (мысалдар келтіру)	
Презентация сапасы (талаптарға сәйкестік)	
Ағылшын тілінің қолданылуы (сауаттылық, ағылшын тілінің деңгейі)	